Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Гуманитарлық факультет
Педагогика және психология кафедрасы

6В01302 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

түскен жылы - 2020

Семей,2020 жыл

Педагогика және психология кафедрасында құрастырылды
Кафедра отырысында қарастырылды
Хаттама №_5_ « 30 » __12. 2019___жыл

Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі______________ (Акманова Г.Р.)

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қарастырылды
Хаттама № _5__«_15 » _05. 2020 жыл

Факультеттің ОӘК төрағасы___________(Анисимова И.Ю)

**Университеттің Оқу – Әдістемелік Кеңесінде бекітілді**
хаттама № _5_ «_21_»__05____2020_ жыл

ОӘК төрайымы: _________ (К.С.Жарыкбасова)

Эдвайзер: _______________(Жайргазина Н.Т.)

Берілетін дәреже: бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі бакалавры
6В01302 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша

| *Таңдау пәні реттік №* | *Пәннің аталуы* | *Кредит саны* | *Пререквизиттер* | *Постреквизиттер* | *Пәннің қысқаша мазмұндамасы, оқу мақсаты және күтілетін нәтижесі (білім, қабілеті, дағдылары, құзыреттіілігі)* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жалпы білім беру пәндері** | | | | | |
| **Таңдау бойынша компонент (ТК)** | | | | | |
| **Экономикалық-құқықтық білімдер модулі** | | | | | |
| **1** | Кәсіпкерлік және нарықтық экономика негіздері | 3 | Жалпы білім беретін пәндердің мектеп курсы | - | **Бұл пәнді оқытудың мақсаты :** нарықтық экономика негіздері мен кәсіпкерлікті ұйымдастыру саласында студенттерді теориялық және тәжірибелік біліммен қамтамасыз ету, студентте Қазақстандағы кәсіпкерлік іс-әрекеттің басым бағыттары бойынша білім кешенін қалыптастыру және бизнес-жоспар жасауда кәсіпкерлік іс-әрекетті дұрыс жүргізуде тәжірибе жинақтауға көмектесу.<br>**Мазмұны:** экономиканың қыр сырын жалпылама түрде оқып білу**,** кәсіпкерліктің институционалдық және заңдық базасының теориялық және тәжірибелік негізінің білімін беру және кәсіпкерлік іс-әрекет тәжірибесін жинақтау: кәсіпкерлік теориясының түрлі бағыттары туралы білім беру; ҚР кәсіпкерлік іс-әрекет жағдайы және болашағы туралы білім; жоспарлау және кәсіпкерлік қызметтерді диагностикалау маркетингілік қызметті қабылдау және негізгі әдістердін тәжірибе жүзінде қолдана білу, студенттерді өз бизнес-жоспарларын құруға үйрету; тауар, нарық, бәсекелес туралы ақпарат жинау,<br>**Білімі:** ақша функциялары, сыйақы деңгейіндегі жалақының айырмашылықтарының себептері; салықтардың негізгі түрлері; кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары; бағалы қағаздардың түрлері; экономикалық өсу факторлары; кәсіпкерлік қызмет теориясы мен практикасының қазіргі жағдайы; кәсіпкерлік қызметтің ерекшелігі;<br>**Іскерлігі:** өндіріс факторлары мен факторлық кірістерді есептей алу, қоғамдық тауарлар, әртүрлі ұйымдық формадағы қазақстандық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | кәсіпорындар, әлемдік экономикалық проблемалар туралы мысалдар келтіре білу; нарықтық тетіктің әсерін, жалақы мен еңбекке ынталандырудың негізгі формаларын, инфляцияны, Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің негізгі баптарын тәжірибеде қолдана алу, экономикалық өсу, заманауи кәсіпкерліктің негізгі терминологиясын пайдалану.<br>**Дағдылары:** экономикалық ақпаратты алу және бағалау; отбасылық бюджетті құру; тұтынушы, отбасы мүшесі және азамат ретіндегі өздерінің экономикалық қызметін бағалау.<br>**Құзіреттіліктер:**Жалпы білім беру: еңбек функциясы 1. оқыту |
| **1** | Жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқық негіздер | 2 | Жалпы білім беретін пәндердің мектеп курсы | - | **Пәнді оқып-үйренудің мақсаты:** курсты оқып-үйрену және студенттерді сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы білім жүйесін қалыптастыру және осы құбылысқа байланысты азаматтық ұстанымды қалыптастыру.<br>**Мазмұны:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері - бұл барлық мамандықтар мен бакалаврларды даярлау бағыттары үшін тұтас пәнаралық білім жүйесі.<br>**Күтілетін нәтиже:** Пәнді оқу нәтижесінде студенттер білуі керек: сыбайлас жемқорлықтың мәні және оның пайда болу себептері, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін моральдық-құқықтық жауапкершілік шарасы.<br>**Істей білу:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет туралы жаңа білім алу дағдыларына ие болу - тұтас пәнаралық білім жүйесі.<br>**Құзіреттіліктер:**Жалпы білім беру: еңбек функциясы 1. оқыту |
| **Экономикалық-жаратылыстану білімдер модулі** | | | | | |
| **1** | Кәсіпкерлік және нарықтық экономика негіздері | 3 | Жалпы білім беретін пәндердің мектеп курсы | | **Бұл пәнді оқытудың мақсаты :** нарықтық экономика негіздері мен кәсіпкерлікті ұйымдастыру саласында студенттерді теориялық және тәжірибелік біліммен қамтамасыз ету, студентте Қазақстандағы кәсіпкерлік іс-әрекеттің басым бағыттары бойынша білім кешенін қалыптастыру және бизнес-жоспар жасауда кәсіпкерлік іс-әректті дұрыс жүргізуде тәжірибе жинақтауға көмектесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - | **Мазмұны:** экономиканың қыр сырын жалпылама түрде оқып білу, кәсіпкерліктің институционалдық және заңдық базасының теориялық және тәжірибелік негізінің білімін беру және кәсіпкерлік іс-әрекет тәжірибесін жинақтау: кәсіпкерлік теориясының түрлі бағыттары туралы білім беру; ҚР кәсіпкерлік іс-әрекет жағдайы және болашағы туралы білім; жоспарлау және кәсіпкерлік қызметтерді диагностикалау маркетингілік қызметті қабылдау және негізгі әдістердің тәжірибе жүзінде қолдана білу, студенттерді өз бизнес-жоспарларын құруға үйрету; тауар, нарық, бәсекелес туралы ақпарат жинау,<br>**Білімі:** ақша функциялары, сыйақы деңгейіндегі жалақының айырмашылықтарының себептері; салықтардың негізгі түрлері; кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары; бағалы қағаздардың түрлері; экономикалық өсу факторлары; кәсіпкерлік қызмет теориясы мен практикасының қазіргі жағдайы; кәсіпкерлік қызметтің ерекшелігі;<br>**Іскерлігі:** өндіріс факторлары мен факторлық кірістерді есептей алу, қоғамдық тауарлар, әртүрлі ұйымдық формадағы қазақстандық кәсіпорындар, әлемдік экономикалық проблемалар туралы мысалдар келтіре білу; нарықтық тетіктің әсерін, жалақы мен еңбекке ынталандырудың негізгі формаларын, инфляцияны, Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің негізгі баптарын тәжірибеде қолдана алу, экономикалық өсу, заманауи кәсіпкерліктің негізгі терминологиясын пайдалану.<br>**Дағдылары:** экономикалық ақпаратты алу және бағалау; отбасылық бюджетті құру; тұтынушы, отбасы мүшесі және азамат ретіндегі өздерінің экономикалық қызметін бағалау.<br>**Құзіреттіліктер:**Жалпы білім беру: еңбек функциясы 1. оқыту |
| **1** | Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | 2 | Жалпы білім беретін пәндердің мектеп курсы | | **Мақсаты:** Адам мен қоршаған орта арасындағы өзара әсер ету үдерістерін реттеу мүмкіндігі және адамның өмірі мен тіршілік қауіпсіздігі туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - | түсініктерді қалыптастыру. **Мазмұны.** Табиғатты пайдалану, төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс қарқындылығы жағдайында өмір сүру қауіпсіздігінің, экологияның негізгі ұғымдарын, қазіргі заманғы өркениет мәселелерін және адамның шаруашылық және басқа да қызметінің экологиялық салдарларын зерттеу. Қоршаған ортаның әртүрлі факторларынан халықты қорғаудың принциптері мен тәсілдерін, тіршілік қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық және құқықтық актілерді ашу. Қоршаған ортаны және биологиялық ресурстарды сақтау. **Күтілетін оқу нәтижелері:** студенттер **білуі тиіс**: тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мен экологиялық бақылаудың заңнамалық базасын, сондай-ақ адам мен ортаға зиянды факторлардың әсерін идентификациялау, жою әдістерін және адамның өмірі мен қызметі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуді; **істей білуі тиіс**: кәсіби қызметте қолдану үшін қауіпсіздік нормаларын жүйелендіруді; өзінің кәсіби қызмет саласына қатысты қауіптерден қорғау әдістерін таңдауды және тіршілік әрекетінің қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету тәсілдерін таңдауды; өндірістік, тұрмыстық және төтенше жағдайларда тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын, алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын **меңгеруі тиіс** **Құзіреттіліктер:**Жалпы білім беру: еңбек функциясы 1. оқыту |
| **БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР** | | | | | |
| **Таңдау компоненті (ТК)** | | | | | |
| **1** | Шағын кешенді мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру | 3 | Педагогика | Бастауыш мектеп мұғалімінің қарым-қатынас мәдениеті | **Пәнді оқу мақсаты:** болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін, ШКМ сипаттамасына сай білім, білік және практикалық дағдыларын қалыптастыру. **Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән студенттерді шағын жинақты мектеп ұғымымен, аталған мектеп типтерін құруға әсер ететін жағдайлармен, олардың қазіргі жай-күйімен, шағын жинақты мектепте оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктерімен, оқытудың әдістемелік аспектілерімен және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аталған мектептерде мұғалімнің жұмысының мазмұнымен таныстырады. **Күтілетін нәтиже:** **Білімі:** Шағын кешенді мектептегі педагогикалық үрдісті басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттарын, шағын кешенді мектепте оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың педагогикалық негіздерін білу. **Іскерлігі:** шағын кешенді мектепте педагогикалық үрдісті модельдеу, құрастыру. **Дағдылары:** шағын кешенді мектепте педагогикалық іс әрекетті модельдеу.. **Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік: еңбек функциясы 2. Тәрбиелік Арнайы: еңбек функциясы 3. әдістемелік |
| **1** | Бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру | 3 | Педагогика | Бастауыш мектеп мұғалімінің қарым-қатынас мәдениеті | **Пәнді оқу мақсаты:** бірінші сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыс ерекшеліктері мен танысу. **Пәннің қысқаша мазмұны:** Берілген пән бірінші сынып оқушыларының психикалық дамуы туралы физиологиялық ерекшеліктерін; баланы мектепке дайындау жүйесін, оның бейімделуін; баланың солақайлығын, гипербелсенділігі мәселелерін, сондай-ақ бірінші сыныпта оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды; сондай-ақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарымен жұмысты қарастырады. **Күтілетін нәтиже:** **Білімі:** Бірінші сыныпқа оқыту-тәрбие үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктері. **Іскерлігі:** бірінші сыныпқа педагогикалық қызметті модельдеу **Дағдылары:** бірінші сынып оқушыларымен жұмысты ұйымдастыру. **Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік: еңбек функциясы 2. Тәрбиелік Арнайы: еңбек функциясы 3. әдістемелік |
| **2** | Кіші сынып оқушыларының психологиясы | 6 | Психология және адам дамуы | Дарынды балалармен жұмыс, оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс | **Пәнді оқу мақсаты:** Кіші мектеп жасындағы оқушылардың таным процестерімен даму ерекшеліктерінің білімдер жүйесін қалыптастыру. **Пәннің қысқаша мазмұны:** Берілген пәннің мазмұны бастауыш сынып оқушыларының дамуын және білім беру тұжырымдамасын; танымдық үрдістердің психологиялық дамуының ерекшеліктерін, оқу уәждемесін, бастауыш сынып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | оқушыларының үлгерімсіздігінің себептерін; мектеп оқушыларының оқу-жаттығу қиындықтарының типологиясын; өзін-өзі бағалауды қалыптастыру факторларын, сондай-ақ оқытудың оқушының психикасына әсерін қарастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** кіші сынып оқушылары түсінігі және негізгі категориялары; кіші сынып оқушыларының даму заңдылықтары; кіші мекетеп жасындағы психологиялық өзгерістер; кіші сынып оқушыларының негізі жетекші іс-әрекеттер.<br>**Іскерлігі:** пәннің категориялық аппатартын меңгеру, ғылыми ақпаратпен жұмыс істей білу.<br>**Дағдылары:** кіші мектеп жасындағы оқушылардың негізгі психологиялық категорияларын қолдана білу; кіші мектеп жасындағы оқушылардың психикалық дамуындағы әртүрлі теорияларды салыстыра білу;алған білімдерін іс тәжірибеде қолдану.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік |
| **2** | Қиын оқушылар психологиясы | 6 | Психология және адам дамуы | Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс | **Пәнді оқу мақсаты:** Мамандарды білім беру және әлеуметтік аймақтарда жұмыс істеуге дайындау.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>Берілген пән "ауытқушылық немесе девиантты мінез-құлық" сияқты ұғымдармен таныстырады, оқушылардың мінез-құлқында қиындықтар туындауына отбасының рөлі мен әсерін ашады. Әлеуметтік-педагогикалық асқыну және оның алдын алу туралы түсінік беріледі. Курсты оқу барысында "қиын жағдай" ұғымы қарастырылады, қиын жағдайға тап болған оқушылардың негізгі категорияларына сипаттама беріледі, оқушылардың ауытқушылық мінез-құлқының пайда болуы кезіндегі мінез-құлықтың және темпераменттің екпінінің рөлі көрсетілген.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білу:** Адам іс әрекетінің психикалақ механизмі және жалпы заңдылықтары.<br>**Дағды:** Жеке тұлғаның, ерекшеліктерін, мотивтерін талдай білу.<br>**Іскерлік:** әлеуметтік құқықтық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аумақтарында білімдерді қолдану.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік |
| **3** | Кіші мектеп оқушы тұлғасын психологиялық - педагогикалық диагностикалау | 6 | Психология және адам дамуы | "Кіші мектеп жасындағы оқушы тұлғасын педагогикалық диагностикалау" педагогикалық-психологиялық іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** кіші сынып оқушыларының жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында болашақ бастауыш мамандардың диагностикалық құралдары мен әдістердің теориялық дағды, іскерліктерін қалыптастыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**Бұл пәнді оқу барысында психодиагностикалық құралдардың жіктелуі, тесттерді құру және бейімдеу технологиясы, психодиагностикалық әдістер мен психодиагностикаға қойылатын талаптар қарастырылады. Бастауыш мектепте психологиялық-педагогикалық диагностиканы қолдану технологиясы көрсетілген. Психодиагностиканың этикалық және кәсіби мәселелері ашылады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** диагностика түрлерін ұйымдастыру әдістемесін, психологиялық педагогикалық диагностиканың теориялық негіздерін, психодиагностикалық әдістемелердің сапасын бағалау талаптары.<br>**Іскерлігі:** кіші мектеп оқушыларымен диагностикалық жұмыстарды өткізудің практикалық қабілеттер.<br>**Дағдылары:** кіші мектеп жасындағы оқушылармен психологиялық педагогикалық диагностикаларды жоспарлап, өткізудің жолдарын білу дағдысы.<br>**Құзыреттілік:** Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік |
| **3** | Психологияда ғылыми зерттеу әдістері | 6 | Психология және адам дамуы | Дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** психологиялық әдістерге жалпы түсінік. Эмперикалық жалпы психолоогиялық әдістер. Эмперикалық жеке психологиялық әдістер<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>Бұл пән ғылыми танымның мәні, әдіснамасы туралы ұғымды, зерттеу әдістерін, психология әдіснамасының ерекшеліктерін, қазіргі заманғы ғылыми-зерттеу әдістерін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың әдіснамалық принциптерін, әдістемелерін және әдістерін зерттейді; ғылыми зерттеуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | талдау, өңдеу және интерпретациялау қабілетін қалыптастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** ғылыми-зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері; ғылыми танымның типтері мен түрлері.ғылыми зерттеуде алынған мәліметтердің дұрыстығын анықтайтын факторлар; психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу негізгі стратегиялары.<br>**Іскерлігі:** ғылыми зерттеу нысанын анықтау мақсатында әдістер мен әдістемелерді таңдау; тәжірибеде ғылыми зерттеу әдістерін қолдану; эмперикалық зерттеу жүргізу.<br>**Дағдылары:** зерттеу субъектісінің өзара тұлғааралық байланысы және бірлескен қызмет қабілетін ұйымдастыру.<br>**Құзыреттілік:** Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік |
| **4** | Өзін- өзі тану және өзін- өзі тануды оқыту әдістемесі | 5 | Өзін-өзі тану (мектеп бағдарламасы бойынша) | Педагогикалық психология | **Пәнді оқу мақсаты:** Бастауыш мектепте өзін өзі тану курсының мазмұны мен ролі туралы түсінік беру<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>Бұл пәнді оқу барысында студенттер өзін-өзі тану тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының шарты ретінде, өзін-өзі тану процесінің мәні, өзін-өзі тану сатылары. Өзін-өзі бағалау, адамның ішкі дүниесінің бірегейлігі, оларды одан әрі дамытудың әдістері мен тәсілдері туралы түсінік беріледі. Діннің негізгі түрлері, әлем тұтастығы және адамның, қоғам мен табиғаттың өзара тәуелділігі туралы түсінік қалыптасады. Мектепте өзін-өзі тануды оқыту әдістемесінің ерекшеліктері мен ерекшеліктері туралы түсінік беріледі.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** бастауыш мектеп мұғалім жұмысының ерекшеліктерін, оқу тәрбие жмысын ұйымдастырудың қазіргі ерекшеліктерін<br>**Іскерлігі:** әртүрлі ақпаратпен жұмыс істей білу.<br>**Дағдылары:** Тәрбиешілердің әртүрлі іс-әрекеттерін басқару.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>2. Тәрбиелік функция<br>Арнайы:<br>3. әдістемелік еңбек функциясы |
| **4** | Әлеуметтік педагогикалық оқытудың | 5 | Өзін-өзі тану (мектеп бағдарламасы | Қарым-қатынас психологиясы | **Пәнді оқу мақсаты:** пікірталастың техникалық компоненттері және ғылыми түсініктер және ойын әдісі, тренингтер, сонымен қатар студенттің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белсенді әдістері | | бойынша) | | әртүрлі топта өзара білікті қарым-қатынасын қалыптастыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**Бұл пәннің мазмұны белсенді әлеуметтік – педагогикалық оқыту әдістері туралы ұғымды қарастырады; белсенді әлеуметтік – педагогикалық оқыту әдістерінің даму тарихын; педагогикалық әсер ету әдістерін; ғылыми-педагогикалық зерттеуді талдау, өңдеу және интерпретациялау қабілетін қалыптастырады<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** әлемеуметтік қолдау ерекшеліктерді ескере отырып, білім беру мекемесінде білім ерекшеліктері.<br>**Іскерлігі:** білім беру кеңістігінде білім аушыларға әлеуметтік бағдарлама құру және сараптау<br>**Дағдылары:** білім беру кеңістігінде білім алушыларды әлеуметтік қолдау ерекшелігі.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>2. Тәрбиелік функция<br>Арнайы:<br>3. әдістемелік еңбек функциясы |
| **5** | Дефектология | 5 | Психология және адам дамуы | Ерекше білім беруге мұқтаж балалармен бастауыш мектеп мұғалімінің жұмыс мазмұны | **Пәнді оқу мақсаты:** Болашақ мамандары дефект, аномалия, потология түсініктерін ажырата білу.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәннің мазмұны дефектология мен логопедияның қазіргі мәселелері мен міндеттерін, Қазақстан Республикасында аномалды балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктерін қарастырады. Әртүрлі тілдік бұзылыстардың негізгі сипаттамаларын және олармен түзету жұмысының принциптерін ашады.<br>Дефектология ауытқуы бар балалардың тәрбие, даму, білім беру мәселелерін қарастырады. Дамуында ауытқуы бар балалардың негізгі психологиялық өзгешеліктерін ажыратудың икемділігінің қалыптастырылуына және әртүрлі жастағы балалардың тілінің даму ерекшеліктерін психологиялық тұрғыдан қарастырып, оның анатомо-физиологиялық ерекшеліктерін ашу, қалыпты физикалық дамуы жайлы білімін біршама тереңдетуге мүмкіндік береді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** Қалыптасу мен даму ерекшеліктерінің пренаталды және постнаталды дефект салдарының себептерін білу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Іскерлігі:** Дефектісі бар балалармен олардың ата -аналармен қарым-қатынасқа түсу.<br>**Дағдылары**: Тіл, көру, есту кемістігі бар балалардың даму ерекшеліктерін қарастыру, олардың себептері мен салдары.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік |
| **5** | Логопедия негіздері | 5 | Психология және адам дамуы | Коррекциялық педагогика | **Пәнді оқу мақсаты:** баладағы сөйлеу тілінің бұзылуының алдын-алу жолдарын ғылыми-зерттеу, оқыту, тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Берілген пәннің мазмұны логопедияның қазіргі мәселелері мен міндеттерін, Қазақстан Республикасында аномалды балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктерін қарастырады. Әртүрлі тілдік бұзылыстардың негізгі сипаттамаларын және олармен түзету жұмысының принциптерін үйретеді. Балалардың аномальды дамуының себептері туралы түсінік береді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** баладағы артикуляциялық аппараттың бұзылуы, сөйлеу тілінінің бұзылу себептері.<br>**Іскерлігі:** сөйлеу тілінің бұзылу түрлерін ажыра алу.<br>**Дағдылары:** сөйлеу тілінің бұзылуына жүргізілетін жұмыс тәсілдерін қолдану.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік |
| **6** | Ерекше білім беруге мұқтаж балалармен бастауыш мектеп мұғалімінің жұмыс мазмұны | 6 | Педагогика, психология және адам дамуы | Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс | **Пәнді оқу мақсаты:** Ерекше білім беруге мұқтаж балалармен бастауыш мектеп мұғалімінің жұмыс мазмұнынымен танысу.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәннің мазмұны мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын қарастырады, осы санаттағы балалармен бастауыш мектеп мұғалімінің жұмыс мазмұны; балалардың оқу процесіне толық және ішінара кірігуінің мәні мен мазмұны, сондай-ақ инклюзивті және интеграцияланған білім беруді ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық базасы.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** Балалардың дамуындағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тежелу себептері мен салдарын білу.<br>**Іскерлігі:** Тежелу түрлерін ажырата білу.<br>**Дағдылары**: Ерекше білім беруге мұқтаж балалармен жұмыс жасаудың тәсілдерін қолдану.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **6** | Коррекциялық педагогика | 6 | Педагогика, психология және адам дамуы | Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс | **Пәнді оқу мақсаты:** студенттердің дамуында ауытқулары бар тұлғалардың мәселелерін шешу жолдары мен мәнін түсіну үшін болашақ мұғалімге қажетті маңызды теориялық білім жүйесін қалыптастыру; студенттердің кәсіби теориялық білімді, практикалық білімдерді және кәсіби маңызды сапаларды біріктіруге мүмкіндік беретін кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің тиісті деңгейіне қол жеткізу.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курс түзету-дамытушылық білім берудің бастауыш сыныптары мен жалпы білім беретін бастауыш сыныптарда білім беру бағдарламаларын іске асыру барысында балаларды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын зеттейді; бастауыш сыныптарда өтелетін және түзетілетін-дамытушы білім алушылардың оқу және сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыру міндеттерін, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, формалары мен үдерісін қарастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** курстың мақсаты және оның негізгі ұғымдарын, арнайы білім берудің педагогикалық жүйесінің мәнін, шет елдерде және Қазақстанда арнайы білім беруді дамыту кезеңдерін;мүмкіндіктері шектеулі балаларды және девиантты мінез-құлықты балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи тәсілдерін білу,<br>**Іскерлігі:** психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерін қолдану; ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды, сондай-ақ мінез-құлқы ауытқыған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің нақты мәселелері бойынша педагогикалық проблемалар қою және шешімдер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қабылдау;<br>**Дағдылары**: Білім алушылар мен білім беру кеңістігінің ерекшелігін ескере отырып, әлеуметтік қолдау және қолдау бағдарламасын жасау және сараптау дағдылары<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **7** | Педагогикалық психология | 5 | Өзін- өзі тану және өзін- өзі тануды оқыту әдістемесі | Бастауыш мектеп мұғалімінің қарым-қатынас мәдениеті | **Мақсаты**: психология аймағында оқыту және тәрбиелеу кәсіби білімдермен меңгерту<br>**Мазмұны:** Бұл пән білім беруді тиімді ұйымдастыру тетіктері туралы білімді қалыптастырады. Білім беру процесі субъектілерінің ерекшеліктері, білім алушылардың оқу іс-әрекетінің жеке стиліндегі ерекшеліктері педагогтың кәсіби өзін-өзі тануын ұйымдастыру туралы<br>білім беру процесі субъектілерінің өзара әрекеттері; оқыту, тәрбиелеу үшін ең оңтайлы жағдайларды анықтауға көмектеседі, балалар мен жасөспірімдердің жас<br>ерекшеліктеріне сәйкес.<br>**Білу:** білім беру процесіндегі субъектілердің ерекшеліктері, тәрбие ықпалының тиімділігінің психологиялық механизмдерй, білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет әрекетінің спецификасын.<br>**Іскерлік:** тәрбие психологиясы, ғылыми түсініктерді меңгеру психологиясы, білім беру технологиялары мен заманауи психологиялық теорияларға бағдарлану.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **7** | Қарым-қатынас психологиясы | 5 | Әлеуметтік педагогика лық оқытудың белсенді әдістері | Коммуникативті дағдылар тренингі | **Пәнді оқу мақсаты:** қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, білім алушылардың қалыптасуына ықпал ету, психологиялық және адамгершілік қасиеттеріне сәйкес тиімді педагогикалық, орындаушылық қызмет.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны**: Бұл пән қарым-қатынас түсінігі, оның түрлері туралы білімді қалыптастырады. Пәннің мазмұны: қарым-қатынастың стратегиясы мен тактикасын, қарым- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қатынастың құралдары мен кедергілерін, іскерлік қарым-қатынастың ерекшеліктерін, қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық механизмдерін, келіссөз процесінің технологияларын қамтиды. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білу:** қарым-қатынас пен қызметтің өзара байланысы; қарым-қатынастың мақсаттары, функциялары, түрлері мен деңгейлері; қарым-қатынастағы рөлдер мен рөлдік күту; әлеуметтік өзара іс-қимыл түрлері; қарым-қатынастағы өзара түсіністік механизмдері; қарым-қатынастың этикалық принциптері; көздері, себептері, түрлері<br>және медициналық ұжымда шиеленістерді шешу жолдары.<br>**Дағды:** тиімді қарым-қатынас техникасы мен тәсілдерін қолдану.<br>қарым-қатынас процесінде өзін-өзі реттеу тәсілдерін қолдану<br>**Іскерлік:** әңгімелесу, тыңдау, техникасы мен тәсілдерін, нанымсенім ережелерін; алған білімді тәжірибеде қолдану<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті. |
| **8** | Дарынды балалармен жұмыс | 5 | Кіші сынып оқушылары ның психологиясы | Кіші мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық негіздері | **Пәнді оқу мақсаты:** Дарындылық туралы жалпы түсінік, дарындылықтық критерийлері.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны**: Бұл пән студенттерде дарынды балаларды анықтау және дамыту бойынша білім мен білік жүйесін қалыптастырады; бастауыш мектепте дарынды балаларды оқыту үдерісінде педагогтың рөлін арттырады; білім беру ортасындағы балалардың дарындылығын дамыту туралы қазіргі заманғы концепциялармен және әдістемелермен таныстырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білу:** дарындылыққа психологиялық мінездеме<br>**Дағды:** дарынды балалармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру<br>**Іскерлік:**алған білімді тәжірибеде қолдану<br>**Құреттілік:** оқыту, әлеуметтік-коммуникативтілік, тәрбиелік, арнайы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **8** | Тұлға теориясы | 5 | Психология және адам дамуы | Бастауыш мектеп педагогикасы | **Пәнді оқу мақсаты:** Жеке тұлға теориясы туралы мағлұмат беру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәнді оқу білім алушыларда тұлғаның даму заңдылықтары мен механизмдерін, оның қасиеттері мен құрылымын, жеке тұлға мен қоғамның өзара іс-қимыл ерекшеліктерін, тұлғаны қалыптастыру принциптерін қарастыратын негізгі психологиялық теориялар мен тұжырымдамалар туралы білімді қалыптастыруға арналған. Тұлғаның феноменін қарастыратын психологиялық теориялардың алуан түрлілігіне бағдарлануға үйретеді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білу:** жеке тұла теориясын, шетелдік, отандық зерттеулерді білу.<br>**Дағды:** қажетті ақпараттарды таңдай білу, негізгісін белгілей білу.<br>**Іскерлік:** әртүрлі ақпаратпен жұмыс істей білу.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **9** | Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс | 6 | Кіші сынып оқушылары ның психологиясы | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** оқушылардың үлгерімі төмендігінің педагогикалық психологиялық ерекшеліктеріне түсінік беру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәннің мазмұны студенттердің даму ерекшеліктері туралы жалпы түсініктерін қалыптастырады туралы, оларға әсер ету әдістері және олармен жұмысты ұйымдастыру тәсілдері туралы оларға үлгермейтін оқушылармен жұмыс істеуге деген қызығушылықты ынталандыруға ықпал етеді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеу әдістемесін, оқу- тәрбие жұмысында оқу үлгерімі төмен оқушылармен әртүрлі әдіс, тәсіл, формаларды қолдана білу.<br>**Дағдылары**: оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істей алу.<br>**Іскерлігі:** осы категориядағы балалармен жұмыс істеу іскерлігі.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **9** | Девиантология | 6 | Психология және адам дамуы | Дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқыту мақсаты:** девиантты мінез-құлықты қалыптастыратын заңдылықтарды және психологиялық механизмдерді, негізгі теорияларды зерттеу.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курс девиантты мінез-құлықтың негізгі түрлерін, тұлғалық бұзылуларды, девиантты, суицидалды мінез-құлықтың себептерін, девиантты мінез-құлықты әлеуметтік бақылаудың ерекшеліктерін зерттейді; девиантты мінез-құлықты диагностикалау және коррекциялау әдістері мен технологияларын меңгеру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** түрлі жастағы ауытқушылық мінез-құлықтың формалары мен нұсқаларын; ауытқушылық мінез-құлқы бар балалармен, жеткіншектермен жұмыстың теориясы мен әдісін, осындай клиентке психологиялық көмектің тәсілдері мен әдістерін<br>**Іскерлігі:** коррекциялық әлеуметтік-білім беру бағдарламаларын жобалай алу; түзету-дамыту ортасын ұйымдастыру; ауытқушылық мінез-құлқы бар клиентке өзіндің даму жағдайын жасау; психологиялық көметің түрлі аясында негізделген, психологиялық мақсатты шешімдер қабылдай алу;<br>**Дағдылары:** ауытқушылық мінез-құлқы бар адамдарды динамикалық зерттеу, түзету-дамытушылық және реабилитациялық процесті игеру; ауытқушылық мінез-құлқы бар клиенттерге психологиялық көмектің әдістемелік тәсілдерін игеру, клиентке әсер ету әдістерін және тәсілдерін таңдауда нақты бағдарлану.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **10** | Әлеуметтік педагогика | 6 | Педагогика | Дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** студенттерді таңдаған педагогикалық мамандықтың негізімен таныстыру, педагогикалық қызметте практикалық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дағдыларды қалыптастыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**Бұл пән студенттерді әлеуметтік педагогика негіздерімен, оның пәнімен, мазмұнымен, принциптерімен, факторларымен, әлеуметтік – педагогикалық үдерістің кезеңдерімен, сонымен қатар тұлғаның әлеуметтік даму ерекшеліктерімен, отбасының және тәрбиенің тұлғаның әлеуметтенуіне ықпалымен, оқу-тәрбие мекемелерінің өскелең ұрпақты әлеуметтендіру бағытындағы қызметімен таныстырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** әлеуметтік педагогтың негіздерін, пәнін, махзмұнын, принциптерін, факторларын, әлеуметтік-педагогикалық үрдіс кезеңдерін; тұлғаның әлеуметтік дамуын, отбасының әлеуметтенуіне ықпалын, балалардың дамуында әлеуметтік ауытқуларды және әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттердің технологияларын білу.<br>**Іскерлігі:** әртүрлі ақпаратпен жұмыс істей білу.<br>**Дағдылары:** әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетідің әдістерін меңгеру.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1.оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **10** | Оқушылардың кәсіби бағытталуы және өзін-өзі анықтауы | 6 | Педагогика | Коммуникативті дағдылар тренингі | **Пәнді оқу мақсаты:** «оқушылардың кәсіби өзін-өзі бағытталуы және өзін-өзі анықтауы» әртүрлі жастағы оқушылармен кәсіптік бағдар бойынша технологияларды, теориялық, әдістемелік, тәжірибелік білімдері мен іскерліктерін қалыптастыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны** Бұл пән "психологиялық кеңістік" ұғымын, ондағы өзін-өзі анықтау орнын; кәсіби бағдар жүйесінің қалыптасу тарихын; оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауды белсендіру әдістерін; әртүрлі жастағы оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысының технологиясын өз бетінше құруға мүмкіндік беретін практикалық білім мен іскерлікті қарастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** профессиография негіздері, мамандық классификациясы, профессиография түрлері, кәсіптік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | деңгей, кәсіптік кеңесті ұйымдастыру бағыттары, кәсіптік диагностика әдістері, оқушылар мен кәсіптік кеңес спецификасы.<br>**Дағдылары:** ата-аналар мен педагогтармен оқушылардың кәсіби бағытталуы жұмысының әдістері мен әдістнамасы.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1.оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **11** | Этнопедагогика | 5 | Педагогика | Педагогика тарихы | **Пәнді оқу мақсаты:** Этнопедагогиканың жалпы негіздері негізінде студенттердің педагогикалық көзқарастарын, педагогикалық мәдениетін, жалпы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. Жалпы мәдени құндылықтарымен, этникалық мәдениетті білу.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны**:Бұл пән студенттердің педагогикалық дүниетанымын, педагогикалық мәдениетін және жалпы кәсіби құзыреттілігін Қазақстан этнопедагогикасының жалпы негіздерін, ҚР этностарының мәдениеті мен дәстүрі туралы білімдерін, сонымен қатар ҚР этностарының этнопедагогика материалдарын білім беру мекемелерінің тәрбие іс-әрекетінің тәжірибесіне енгізудің негізгі жолдарын, әдістерін, формалары мен құралдарын түсінуін қалыптастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі**: этнопедагогиканың мазмұнын, құралдарын, әдістерін, факторлары мен функцияларын, оқу тәрбие процесінде оларды қолдану ерекшеліктерін білу.<br>**Іскерлігі**: әртүрлі ақпараттармен жұмыс істеу.<br>**Дағдылары**: халық педагогкасының әртүрлі концепцияларын талдауға, халық тәрбиесінің дәстүрлерін бағалау, халықтық педагогикалық құбылыстарды түсіну.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>Еңбек функциясы 2. Тәрбиелік |
| **11** | Медиапедагогика | 5 | Педагогика | Қазақстандағы педагогика ғылымдарының қалыптасуы | **Пәнді оқу мақсаты:** ХХ ғасырдағы Юнесконың негізгі бағыты ретінде медиапедагогикаға түсінік беру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән медиапедагогика курсының негізгі ұғымдарын, қазіргі техникалық құралдарды, олардың түрлері мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сипаттамаларын, жүзеге асырылатын функцияларды, осы функциялардың ықтимал девиацияларын;<br>медиакомпетенцияның мәнін және оны дамыту әдістерін; оқу-тәрбие үрдісінде медианы тиімді пайдалану тәсілдерін қарастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** курстың негізгі түсініктерін, қазіргі техникалық құралдарды және олардың түрлерін, негізгі функциялар, медиақұзыреттілік жіне оны даму әдістері, оқу тәрбие үрдісінде медианы қолдану тәсілдерін.<br>**Іскерлігі**: әртүрлі ақпараттармен жұмыс істеу.<br>**Дағдылары:** оқу, ғылыми іс әрекетте әртүрлі медиаларды қолдана білу, медиақұзыреттілікті дамыту мақсатында форма мен тәсілдерді өздігінен таңдау.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>Еңбек функциясы 2. Тәрбиелік |
| **12** | Отбасы педагогикасы | 5 | Педагогика | Дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** отбасы педагогика мазмұнымен таныстыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәннің мазмұны отбасылық тәрбие жағдайларын, олардың әлеуетті мүмкіндіктерін, баланың тұлғасын қалыптастыру бойынша ата-аналарға ғылыми негізделген ұсыныстарды қарастырады; тәрбиенің көптеген мәселелерін шешуге көмектеседі, қиындықтарды анықтайды және дұрыс шешім табуға көмектеседі.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** отбасы педагогикасының негізгі түсініктер мен мазмұны, отбасы тәрбиесінің жағдайы, отбасы тәрбие институты ретінде, отбасы тәрбиесінің механизімдерін білу<br>**Дағдылары:** отбасына әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетідің әдістерін меңгеру.<br>**Іскерлігі:** әртүрлі ақпаратпен жұмыс істей білу.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 2. Тәрбиелік<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **12** | Педагогикалық | 5 | Педагогика | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** педагогикалық кеңес беру аймағындағы педагогтың практикалық әрекетінің ғылыми негіздерімен студенттерді қаруландыру<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**Бұл пән педагогикалық кеңес берудің мәні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңес беру | | | | мен мазмұнын қарастырады; педагогикалық кеңес берудің құрылу ерекшеліктерін; педагогикалық кеңес берудің дефенициясын; бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарына педагогикалық кеңес беру; әлеуметтік-педагогикалық кеңес берудің техника, әдістері мен тәсілдерін қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** педагогикалық кеңес беру әдістерін, техникаларын қолдана білу<br>**Дағдылары:** нақты жағдайларды ескере отырып педагогикалық кеңес берудің міндеттерін өз бетінше тұжырымдау<br>**Іскерлігі:** әртүрлі ақпаратпен жұмыс істей білу.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 2. Тәрбиелік<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **13** | Салыстырмалы педагогика | 5 | Педагогика | Дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** Студенттерде халықаралық контекстіде білім беру мәселелерді шешудегі салыстырмалы талдауды қамтамассыз ететін мәдениетаралық құзыреттіліктерін дамыту.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәннің мазмұны салыстырмалы тұрғыда әлемнің әр түрлі елдері мен аймақтарындағы педагогикалық теория мен практиканың даму жай-күйін, заңдылықтарын және үрдістерін, сондай-ақ олардың жалпы тенденцияларының, ұлттық және аймақтық ерекшеліктерінің арақатынасын қарастырады; ұлттық білім беру жүйелерін олардың шетелдік тәжірибелерін қолдану арқылы өзара байытудың формалары мен тәсілдерін анықтайды.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** әртүрлі мемелекеттерде педагогикалық ғылымның салаларын, міндеттерін, мазмұны, даму кезеңдерін білу.<br>**Іскерлігі:** әртүрлі ақпаратпен жұмыс істей білу.<br>**Дағдылары:** әртүрлі мемлекеттерде педагогикалық жүйелердің негізін белгілеу жән салыстыру.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1.оқыту |
| **13** | Шет елдердегі бастауыш білім беру педагогикасы | 5 | Педагогика | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** шет елдердегі бастуыш білім беру педагогикасына жалпы түсінік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14 | | | | | **Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курс шетелде бастауыш білім берудің педагогикасын; қазіргі заманғы бастауыш білім берудің даму үрдістерін; АҚШ-та, Батыс Европада (Германия, Франция, Ұлыбритания) бастауыш білім беру жүйесін; Қазақстанда және шетелде бастауыш білім беруді реформалауды қарастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** шет елдердегі білім беру тенденциялары<br>**Іскерлігі:** педагогикалық қызметте білімдерді қолдана алу.<br>**Дағдылары:** әртүрлі ақпараттармен жұмыс<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1.оқыту |
| **14** | Бастауыш мектеп мұғалімінің қарым-қатынас мәдениеті | 5 | Шағын кешенді мектептерде оқу- тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, педагогикалық психология | Өндірістік іс-тәжірибе | **Мақсаты:** студенттердің кәсіби қызметінің міндеттерін шешу үшін ауызша және жазбаша түрде кәсіби коммуникацияны жүзеге асыруға деген шығармашылық іздену қабілеті мен қажеттілігін қалыптастыру.<br>**Мазмұны:** Бұл пәннің мазмұны бастауыш мектеп мұғалімінің коммуникативтік қызметінің мәні мен мазмұнын; коммуникативтік іс-әрекетті мектепте педагогикалық қарым-қатынасты жүзеге асыру механизмі ретінде; мұғалімдердің сабақта коммуникативтік қызметті ұйымдастыруға дайындығын жетілдірудің негізгі аспектілерін ашады.<br>**Білу:** практикалық қызметте білімді апперациялау.<br>**Дағды:** практикалық қызметте білімді апперациялау.<br>**Іскерлік:** түрлі санаттағы адамдармен жұмыс<br>**Құзыреттілік:**<br>Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 2. Тәрбиелік<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **14** | Коммуникативті дағдылар тренингі | 5 | Оқушылар дың кәсіби бағытталуы және өзін-өзі анықтауы, қарым-қатынас | Дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:**Мәселелік жағдаяттарды шешетін белсенді әдістер арқылы коммуникативті дағдыларын, түрлі амалдар мен қарым-қатынас бағыттарын салыстыра отырып, олардың ішінен мейлінше ұтымдыларын өз бетінше таңдай алу біліктілігін дамыту.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**Пән тренингтік жұмыстың топтық әдістерінің даму тарихын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | психологиясы | | қарастырады; "тренинг" феноменіне заманауи көзқарастар, психологиялық тренинг практикалық психология әдісі ретінде, тренингтік топтардың негізгі түрлері, тренингтік топтарды құрастыру және дайындау. Тренингтерді ұйымдастыру және өткізу іскерліктерін қалыптастырады.<br>. **Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** тиімді коммуникациялар критерийлерін, оның құрылымын, топтық оқыту әдісі ретінде тренингтің потенциалды мүмкіндіктерін; кәсіби коммуникациялардың негізгі мақсаттары туралы.<br>**Іскерлігі**: түрлі жағдайларда коммуникативті әсер ету кезінде өзін және өзінің әрекетін бақылауға алу; алған білімдерін тәжірибеде қолдана алу.<br>**Дағдылары:** эмоционалды күйде өзін-өзі реттеу әдістерін меңгеру; ақпарат алмасу процесінде басқа қатысушылармен өзара қатынаста коммуникативті дағдыларды қолдану.<br>**Құзыреттілік:**<br>Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 2. Тәрбиелік<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 5. әлеуметтік-коммуникативті |
| **15** | Педагогиканың ғылыми - зерттеу әдістері | 3 | Педагогика, психология және адам дамуы | Дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** Студенттерді педагогиканың ғылыми зерттеу әдістерімен таныстыру..<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**. Бұл пән ғылыми танымның мәнін, әдіснамасын, зерттеу әдістері туралы ұғымды, педагогика әдіснамасын, қазіргі заманғы ғылыми-педагогикалық зерттеудің ерекшеліктерін, ғылыми-педагогикалық зерттеуді ұйымдастырудың әдіснамалық принциптерін, әдістемелерін және әдістерін зерттейді; ғылыми-педагогикалық зерттеуді талдау, өңдеу және интерпретациялау қабілетін қалыптастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** гносеология, әдіснама, педагогика және психология аумақтарында білімдерінің болуы.<br>**Іскерлігі:** ғылыми әдебиеттерімен жұмыс істеу іскерлігі.<br>**Дағдылары:** психологиялық педагогикалық диагностика негізінде комплексті мониторинго жүргізе білу.<br>**Құзыреттілік:** Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **15** | Педагогикалық проектілеудің теориясы мен технологиясы | 3 | Педагогика | Дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** студенттерді педагогикалық ғылыми зерттеу әдістері мен педагогикалық проектілеумен таныстыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курс студенттерді ғылыми педагогикалық зерттеу әдістерімен және жалпы педагогикалық жобалаумен таныстырады; педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру ерекшеліктерімен; педагогикалық жобалау ұғымымен; жоба түрлерімен; жобалау технологияларымен; гносеология, әдіснама, педагогика және психология саласындағы білімді меңгеруге ықпал етеді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** психология, педагогика, әдіснама, гнеосеология саласын меңгеру, педагогикалық проектілеудің құрылымын білу.<br>**Іскерлігі:** талдау, проектіні құру.<br>**Дағдылары:** ақпаратты басқару дағдысы мен іскерлігі ғылыми әдебиеттермен жұмыс<br>**Құзыреттілік:** Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік |
| **КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ** | | | | | |
| **Таңдау бойынша компоненті (ТК)** | | | | | |
| **1** | Жазуға үйретудің теориясы мен технологиясы | 3 | Психология және адам дамуы | Оқу-тәрбие педагогикалық іс-тәжірибе "Байқау сабақтары", өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** жазудың каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**Бұл пән студенттерді каллиграфиялық жазуға оқытудың ұйымдастырушылық және гигиеналық жағдайларымен таныстырады, бастауыш мектептегі жазуға оқытудың заманауи тәсілдеріне баға беруге, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының жазудағы типтік қателіктерді ажыратуға көмектеседі.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** көркем жазу ережелерін, бастауыш мектепте жат жазуды, шығарма жазу әдістемесін білу<br>**Іскерлігі:** көркем жазу іскерлігі.<br>**Дағдылары:** көркем жаза білу.<br>**Құзыреттілік:** Арнайы:<br>еңбек функциясы 3.әдістемелік |
| **1** | Көркем жазуға үйретудің тарихы | 3 | Педагогика | Оқу-тәрбие педагогикалық іс-тәжірибе "Байқау сабақтары", өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** каллиграфиялық жазудың даму тарихымен танысу.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курс студенттерді каллиграфиялық хаттың даму тарихымен, хат түрлерімен, каллиграфиялық хат құралдарының даму тарихымен, шумерлік клинописпен, Египет иероглифтік хатымен, грек капиталды жазуымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | таныстырады. Сондай-ақ әртүрлі тарихи кезеңдерде каллиграфияны дамыту әдістерін зерттейді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** каллиграфиялық жазу тарихы<br>**Іскерлігі:** алған білімді тәжірибеде қолдана білу.<br>**Дағдылары:** әртүрлі ақпараттармен жұмыс<br>**Құзыреттілік:** Арнайы:<br>еңбек функциясы 3.әдістемелік |
| **2** | Бағалаудың өлшемдік технологиясы мен мектепте әдебиеттік оқуды оқыту әдістемесі | 4 | Педагогика | Оқу-тәрбие педагогикалық іс-тәжірибе "Байқау сабақтары", өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** Студенттерді балаларға арналған әдебиеттермен таныстыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән студенттерде бастауыш мектептің педагогикалық үдерісіндегі критериалды бағалаудың теориялық негіздері мен технологиясы білімдерін қалыптастырады, "әдебиеттік оқу" пәнінің мазмұнымен, ауызша әдебиеттің, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстырады, осы пән арқылы адамгершілік қасиеттерді тәрбиелейді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** бастауыш мектепте әдебитеттермен жұмыс істеуді білу.<br>**Іскерлігі:** бастауыш мектепте әдебиеттік оқуды ұйымдастыра білу<br>**Дағдылары:** материалдарды таңдай білу, балалар әдебиеттерін талдай білу дағдылары.<br>**Құзыреттілік:** Арнайы:<br>еңбек функциясы 3.әдістемелік |
| **2** | Балалар әдебиеті | 4 | Педагогика | Оқу-тәрбие педагогикалық іс-тәжірибе "Байқау сабақтары", өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** Балаларға арналған әдебиеттермен танысу<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курс студенттерді балаларға арналған арнайы әдебиетпен таныстырады; балаларды тәрбиелеу мен білім беру міндеттерін көркем тілде жүзеге асыратын балалар оқуға арналған шығармаларды қарастырады және балалар мәтінімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады Балаларға арналған әдебиеттрімен, олармен жұмыс істеу ерекшелігімен танысу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** Отандық, шет ел, орыс балалар әдебиеттерін білу<br>**Іскерлігі:** іс-тәжірибеде балалар әдебиетінің шығармаларын дұрыс таңдай алу.<br>**Дағдылары:** бастауыш сыныпта оқыту сабағын ұйымдастыру.<br>**Құзыреттілік:** Арнайы: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | еңбек функциясы 3.әдістемелік |
| **3** | Бағалаудың өлшемдік технологиясы мен дүниетануды оқыту әдістемесі | 5 | Педагогика | Оқу-тәрбие педагогикалық іс-тәжірибе "Байқау сабақтары", өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** Бастауыш мектепте дүниетануды оқытудың ерекшеліктеріне түсінік беру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән студенттерде бастауыш мектептің педагогикалық үдерісіндегі критериалды бағалаудың теориялық негіздері мен технологиясы білімдерін қалыптастырады; дүние тану пәнінің мазмұнымен, өсімдіктер дүниесімен және сарқынды сулармен таныстырады; қоршаған табиғатқа ізгілікті қарым-қатынас жасауға, атластармен, глобуспен, метоқұралдармен және басқа да табиғи материалдармен жұмыс істей білуді қалыптастыруға ықпал етеді.<br>Дүниетануды оқытудың әдістемесі мазмұнын, құрылымын, ерекшеліктерін қарастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** дүниетанукурсының теориялық аспектілерін.<br>**Іскерлігі:** бастауыш мектепте дүниетану сабақтарын ұйымдастыру.<br>**Дағдылары:** алған білімдерін іс тәжірибеде қолдану.<br>**Құзыреттілік:** Арнайы: еңбек функциясы 3.әдістемелік |
| **3** | Жаратылыстануды оқыту әдістемесі | 5 | Педагогика | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** жаратылыстануды оқыту ерекшеліктеріне толықтай түсінік беру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курс жертану мен өлкетанудың пәнін, міндеттерін, зерттеу әдістері мен әдіснамалық негіздерін, жердің құрылысы мен дамуының жалпы физика –географиялық заңдылықтарын қарастырады; Қазақстан Республикасы халықтарының өмірінің басқа да жақтарын, табиғатын, тарихын, халқын, шаруашылығын, мәдениетін, өнерін және жергілікті ерекшеліктерін зерттейді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** жаратылыстанудың теориялық негіздері.<br>**Іскерлігі:** әртүрлі ақпараттармен жұмыс<br>**Дағдылары:** сөйлеу дағдысын қалыптастыру<br>**Құзыреттілік:** Арнайы: еңбек функциясы 3.әдістемелік |
| **4** | Кіші мектеп оқушыларын оқыту мен | 5 | Дарынды балалармен жұмыс | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** студенттерді кіші мектеп оқушыларын оқу-тәрбие жұмысына дайындау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық негіздері | | | | ерекшеліктерімен таныстыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән бастауыш сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындығының психологиялық - педагогикалық сипаттамасын; танымдық үрдістерді және тұлғаны қалыптастыру қызметін,тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін дамытуды, мотивацияны, оқу жетістіктерін дамытуды; өзін-өзі бағалау және тұлғааралық қарым-қатынас ерекшеліктерін зерделейді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** бастауыш сынып оқушыларының мектепке дайындығының психологиялық-педагогикалық негіздері.<br>**Іскерлігі:** практикалық қызметте білімді қолдану.<br>**Дағдылары:** балалармен жеке және топпен жұмыс істеу.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік |
| **4** | Бастауыш мектеп педагогикасы | 5 | Педагогика | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін Қазақстан білім беру жүйесінде қолданылатын білім беру технологияларымен, оқытуды ұйымдастыру үдерісіне қойылатын заманауи талаптармен таныстыру, олардың мазмұны мен әдістемесінің ерекшеліктерін ашу; студенттердің педагогикалық практикада білім беру технологияларын пайдалану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәннің мазмұны педагогиканың жалпы негіздерін де, сонымен қатар бастауыш мектеп педагогикасымен тікелей байланысты мәселелерді де қарастырады: балалардың жас ерекшеліктерін, бастауыш мектеп оқушыларын оқыту қағидалары мен ережелерін, оқыту және тәрбиелеу түрлері мен нысандарын, бастауыш мектеп мұғалімі алдында тұрған міндеттерін.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** бастауыш сынып оқушыларының мектепке дайындығының психологиялық-педагогикалық негіздері.<br>**Іскерлігі:** практикалық қызметте білімді қолдану.<br>**Дағдылары:** : теориялық және практикалық материалдарды жалпылау, талдау дағдысы; кіші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мектеп оқушыларымен жұмыста тәрбиенің түрлі әдістерін қолдану дағдысы.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту<br>Арнайы:<br>еңбек функциясы 4.зерттеушілік |
| **5** | Педагогика тарихы | 5 | Педагогика, этнопедагогика | Дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** педагогика ғылымының пәнімен, даму тарихымен таныстыру**.**<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән студенттерді ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі педагогикалық ғылымның теориялық даму негіздерімен, алдыңғы қатарлы педагогтар мен көрнекті ойшылдар ұсынған білімдермен таныстырады; тәрбие теориясы мен практикасы дамуының тарихи заңдылықтарын ұғынуға және анықтауға ықпал етеді. Қазіргі заман үшін аса көрнекті педагогтердің педагогикалық теорияларында басты және өзекті болып табылады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** педагогика ғылымының даму кезеңдерін, ірі ғалымдармен педагогтардың педагогикалық іс-әрекеттерін білу.<br>**Іскерлігі:** қазірге мектептегі іс-тәжірибесінде педагогика тарихында жинақталған тәжірибелерді қолдана алу іскерлігі.<br>**Дағдылары:** қажетті ақпараттарды таңдай білу, негізісін белгілей білу.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік:<br>еңбек функциясы 1. оқыту |
| **5** | Қазақстандағы педагогика ғылымдарының қалыптасуы | 5 | Педагогика, этнопедагогика | Дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты**: Қазақстанда психологиялық-педагогикалық ғылымның дамуы мен қалыптасу тарихымен танысу.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курс студенттерді Қазақстандағы психологиялық - педагогикалық ғылымның қалыптасу және даму тарихымен; Қазақстанның қазіргі педагогикалық ғылымының негізгі бағыттары мен даму үрдістерімен және қазақстандық қоғамның әртүрлі даму кезеңдерінде педагогиканың дамуымен таныстырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** Қазақстанда педагогика ғылымынң даму тарихы мен білім беру жөніндегі құжаттармен танысу.<br>**Іскерлігі:** педагогика ғылымының даму тарихына баға беру.білім беру мекемелерінде теориялық білімді практикалық іс-әрекетте сауатты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | пайдалана алу.<br>**Құзыреттілік:** Жалпы кәсіптік: еңбек функциясы 1. оқыту |
| **6** | Бейнелеу өнерге үйретудің теориясы мен технологиясы | 6 | Педагогика лық шеберлік және қазіргі білім беру технология ларын қолданудың әдістемесі | Өндірістік іс-тәжірибе, дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** Студенттерге бейнелеу өнер дағдыларын үйрету.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән кіші мектеп жасындағы балалардың бейнелеу шығармашылығының даму ерекшеліктерін; кіші мектеп оқушыларының көркем - эстетикалық тәрбие жүйесіндегі бейнелеу өнері сабақтарының рөлі мен маңызын қарастырады; студенттерде осы пән бойынша кіші мектеп оқушыларының оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** бейнелеу өнері теориясы мен технологиясының қазіргі жағдайын, негізгі категориялары, формаларын, оқыту әдістерін білу.<br>**Іскерлігі:** сурет, кескіндеме және композиция салаларындағы іскерліктер.<br>**Дағдылары:** алған білімдерін тәжірибеде қолдана білу, оқытудың құралдары мен әдістерін дұрыс таңдай білу.<br>**Құзыреттілік:** Арнайы: еңбек функциясы 3. әдістемелік |
| **6** | Көрнекі құралдарды дайындаудың теориясы мен технологиясы | 6 | Педагогика лық шеберлік және қазіргі білім беру технология ларын қолданудың әдістемесі | Өндірістік іс-тәжірибе, дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** студенттің көрнекі құралдарды даярлауға дайындау.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пәннің мазмұны бастауыш мектептің оқу-тәрбие үрдісіне қажетті көрнекі құралдарды дайындау теориясы мен технологиясын; көрнекіліктердің пайда болу және даму тарихын қарастырады; көрнекіліктерді пайдалана отырып, студенттерге көрнекі құралдар мен сабақтарды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** көрнекі құралдарды дайындау технологиясы<br>**Іскерлігі:** алған білімдерін іс-тәжірибеде қолдану.<br>**Дағдылары:** сабақтарда көрнекі құралдарды қолдану.<br>**Құзыреттілік:** Арнайы: еңбек функциясы 3. әдістемелік |
| **7** | Еңбекке оқытудың теориясы мен | 5 | Педагогика лық шеберлік және қазіргі | Өндірістік іс-тәжірибе, | **Пәнді оқу мақсаты:** Еңбек технологиясымен танысу.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | технологиясы | | білім беру технология ларын қолданудың әдістемесі | дипломалды іс-тәжірибе | пәннің мазмұны бастауыш мектепте еңбекке оқытудың теориялық негіздерін қарастырады; еңбекке оқытудың түрлері мен әдістерін жіктейді; оқыту әдістері мен құралдарын дұрыс таңдауға көмектеседі; бағдарламаның барлық курсы бойынша қолдан жасалған бұйымдарды орындау дағдыларын көрсетеді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** еңбекке оқытудың теориясы мен технологиясының қазіргі жағдайын, негізгі категориялары, формаларын, оқыту әдістерін білу.<br>**Іскерлігі:** бағдарламаның барлық курсы бойынша қол өнерді жасау іскерлігі.<br>**Дағдылары:** алған білімдерін тәжірибеде қолдана білу, оқытудың құралдары мен әдістерін дұрыс таңдай білу.<br>**Құзыреттілік:** Арнайы:<br>еңбек функциясы<br>3. әдістемелік |
| **7** | Көркем жабыстыру және пластилинография | 5 | Педагогика лық шеберлік және қазіргі білім беру технология ларын қолданудың әдістемесі | Өндірістік іс-тәжірибе, дипломалды іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** Пластилиннан жасалған фигураларды жабыстыру<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Берілген пәннің мазмұны апликация және пластилинография бойынша жұмыс технологиясын қарастырады; қағаздан тоқылған бұйымдар туралы мәлімет береді, көлемді тоқылған бұйымдарды жасау және қағаз және ермексаз жұмыс істеу техникаларын қолдана отырып, сабақтарды ұйымдастыру біліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**Білімі:** көркем жабыстыру және пластинография технологиясымен жұмыс.<br>**Іскерлігі:** Пластилинмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру<br>**Дағдылары:** тәжіребеге қатысушылармен көркем жабыстыру және пластинография жұмысын ұйымдастыру.<br>**Құзыреттілік:** Арнайы:<br>еңбек функциясы<br>3. әдістемелік. |

## ТАҢДАУЛЫ ПӘНДЕР ТІЗІМІ

**Оқу түрі: Күндізгі**
**Оқу мерзімі: 4 жыл**

| | Пән атауы | Пән коды | Кредит саны | Семестр |
|---|---|---|---|---|
| **Жалпы білім беру пәндері (ТК)** | | | | |
| 1 | **Таңдау бойынша компонент 1** | | | |
| | *Экономикалық-құқықтық білімдер модулі* | | | |
| | Кәсіпкерлік және нарықтық экономика негіздері | KNEN 1111 | 3 | 2 |
| | Жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқық негіздері | ZhKMEN 1112 | 2 | 2 |
| | *Экономикалық-жаратылыстану білімдер модулі* | | | |
| | Кәсіпкерлік және нарықтық экономика негіздері | KNEN 1111 | 3 | 2 |
| | Экология және тіршілік қауыпсіздік негіздері | ETKN 1112 | 2 | 2 |
| **Базалық пәндер (ТК)** | | | | |
| 1 | **Таңдау бойынша компонент 1** | | | |
| | 1. Шағын кешенді мектептерде оқу- тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру | ShKMOTZhU 2213 | 3 | 3 |
| | 2. Бірінші сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру | BSOOTZhU 2213 | | |
| 2 | **Таңдау бойынша компонент 2** | | | |
| | 1. Кіші сынып оқушыларының психологиясы | KSOP 2214 | 6 | 3 |
| | 2. Қиын оқушылар психологиясы | KOP 2214 | | |
| 3 | **Таңдау бойынша компонент 3** | | | |
| | 1. Кіші мектеп оқушы тұлғасын психологиялық - педагогикалық диангостикалау | KMOTPPD 2215 | 6 | 3 |
| | 2. Психологияда ғылыми зерттеу әдістері | PGZA 2215 | | |
| 4 | **Таңдау бойынша компонент 4** | | | |
| | 1. Өзін- өзі тану және өзін- өзі тануды оқыту әдістемесі | OOTOOTOA 2216 | 5 | 4 |
| | 2. Әлеуметтік педагогикалық оқытудың белсенді әдістері | APOBA 2216 | | |
| 5 | **Таңдау бойынша компонент 5** | | | |
| | 1. Дефектология | Def 3217 | 5 | 4 |
| | 2. Логопедия негіздері | LN 3217 | | |
| 6 | **Таңдау бойынша компонент 6** | | | |
| | 1. Ерекше білім беруге мұқтаж балалармен бастауыш мектеп мұғалімінің жұмыс мазмұны | SRUNShDOOP 3218 | 6 | 5 |
| | 2. Коррекциялық педагогика | KP 3218 | | |
| 7 | **Таңдау бойынша компонент 7** | | | |
| | 1. Педагогикалық психология | PP 3219 | 3 | 5 |
| | 2. Қарым-қатынас психологиясы | KKP 3219 | | |
| 8 | **Таңдау бойынша компонент 8** | | | |
| | 1. Дарынды балалармен жұмыс | DBZh 3220 | 5 | 5 |
| | 2. Тұлға теориясы | TT 3220 | | |
| 9 | **Таңдау бойынша компонент 9** | | | |
| | 1. Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс | OUTOZh 3221 | 6 | 6 |
| | 2. Девиантология | Dev 3221 | | |
| 10 | **Таңдау бойынша компонент 10** | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1.Әлеуметтік педагогика | AP 3222 | 6 | 6 |
| | 2. Оқушылардың кәсіби бағытталуы және өзін-өзі анықтауы | OKBOOA 3222 | | |
| 11 | **Таңдау бойынша компонент 11** | | | |
| | 1. Этнопедагогика | Etn 3223 | 5 | 6 |
| | 2. Медиапедагогика | MP 3223 | | |
| 12 | **Таңдау бойынша компонент 12** | | | |
| | 1. Отбасы педагогикасы | OP 4224 | 5 | 7 |
| | 2. Педагогикалық кеңес беру | PKB 4224 | | |
| 13 | **Таңдау бойынша компонент 13** | | | |
| | 1. Салыстырмалы педагогика | SP 4225 | 5 | 7 |
| | 2. Шет елдердегі бастауыш білім беру педагогикасы | ShBBBP 4225 | | |
| 14 | **Таңдау бойынша компонент 14** | | | |
| | 1. Бастауыш мектеп мұғалімінің қарым-қатынас мәдениеті | BMMKKM 4226 | 5 | 7 |
| | 2. Коммуникативті дағдылар тренингі | KDT 4226 | | |
| 15 | **Таңдау бойынша компонент 15** | | | |
| | 1. Педагогиканың ғылыми - зерттеу әдістері | PGZA 4227 | 3 | 7 |
| | 2. Педагогикалық проектілеудің теориясы мен технологиясы | PPTT 4227 | | |
| **Кәсіптендіру пәндері (ТК)** | | | | |
| 1 | **Таңдау бойынша компонент 1** | | | |
| | 1. Жазуға үйретудің теориясы мен технологиясы | ZhUTT 2307 | 3 | 4 |
| | 2. Көркем жазуға үйретудің тарихы | KZhUT 2307 | | |
| 2 | **Таңдау бойынша компонент 2** | | | |
| | 1. Бағалаудың өлшемдік технологиясы мен бастауыш мектепте әдебиеттік оқуды оқыту әдістемесі | BOTBMAOOA 3308 | 4 | 5 |
| | 2. Балалар әдебиеті | BA 3308 | | |
| 3 | **Таңдау бойынша компонент 3** | | | |
| | 1. Бағалаудың өлшемдік технологиясы мен дүниетануды оқыту әдістемесі | BOTDOA 3309 | 5 | 6 |
| | 2. Жаратылыстануды оқыту әдістемесі | ZhOA 3309 | | |
| 4 | **Таңдау бойынша компонент 4** | | | |
| | 1. Кіші мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық негіздері | KMOOTPPN 3310 | 5 | 6 |
| | 2. Бастауыш мектеп педагогикасы | BMP 3310 | | |
| 5 | **Таңдау бойынша компонент 5** | | | |
| | 1. Педагогика тарихы | PT 4311 | 5 | 7 |
| | 2. Қазақстандағы педагогика ғылымдарының қалыптасуы | KPGK 4311 | | |
| 6 | **Таңдау бойынша компонент 6** | | | |
| | 1. Бейнелеу өнерге үйретудің теориясы мен технологиясы | BOUTT 4312 | 5 | 8 |
| | 2. Көрнекі құралдарды дайындаудың теориясы мен технологиясы | KKDTT 4312 | | |
| 7 | **Таңдау бойынша компонент7**<br>1. Еңбекке оқытудың теориясы мен технологиясы | EOTT 4309 | | |
| | 2. Көркем жабыстыру және пластилинография | KZhP 4309 | 5 | 8 |
| | **Таңдау бойынша компонент 1** | | | |